

"Жол қозғалысы қауіпсіздігі саласында тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 475, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 5 ақпандағы № 32 және "Жол полициясының тексерісі бойынша тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы" 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 476, 2010 жылғы 5 ақпандағы № 33 бірлескен бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 қазандағы № 843 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 696 бірлескен бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабының 1-тармағына және 43-1-бабының 1-тармағына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

«Жол қозғалысы қауіпсіздігі саласында тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 475 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 5 ақпандағы № 32 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6055 болып тіркелген және Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2010 жыл, № 10 (2 0 1 0 ж ы л ғ ы 7 ш і л д е) ;

2) «Жол полициясының тексерісі бойынша тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 476 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 5 ақпандағы № 33 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6056 болып тіркелген және Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2010 жыл, № 10 (2 0 1 0 ж ы л ғ ы 7 ш і л д е) .

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж о л д а у д ы ;

2) осы бұйрықты «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми түрде жариялауды және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің

интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі*

_____ *Е. Досаев*

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі*

_____ *Қ. Қасымов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК